

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 19-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 564 -қосымша

**Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған
бастауыш білім беру деңгейінің 0-1-сыныптары үшін «Сауат ашу»
пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы
(оқыту қазақ тілінде)**

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Көрмейтін және нашар көретін білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-1-сыныптары үшін «Сауат ашу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – оқу пәнін меңгерту барысында көру қабілеті бұзылған білім алушының функционалды сауаттылығының негізін қалау; айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) тыңдауға, айтуға, оқуға және жазуға үйрету;
2) қазақ тілінің лексикасы, грамматикасы, орфографиясы және пунктуациясы туралы бастапқы білімдерін қалыптастыру;

3) оқу мен мәтінді түсіну дағдыларын меңгерту; кітап оқуға қызығушылығын тәрбиелеу;

4) алға қойған міндеттерге сәйкес оқу әрекетін жоспарлау, басқару, бағалау біліктерін қалыптастыру;

5) түрлі рөлдерді атқара отырып (көшбасшы, орындаушы), жұппен және топта жұмыс істеу біліктіліктерін меңгеруге ықпал жасау.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) сөздік қорының молайғанына сәйкес сезімдік тәжірибесін кеңейту, сенсорлық саласын дамыту: сезуін, есту арқылы қабылдауын, қалдық көру

қабілетін;

2) қолдарын рельефтік-нүктелік қаріппен жазуға және оқуға дайындау, кіші кеңістікте бағдарлауын дамыту;

3) көру қабілеті бұзылған білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту, вербализмді алдын алу, тілін нақтылау.

2- тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Сауат ашуға оқыту әлеуметтік-бейімдеу бағытының қағидалары мен іс-әрекеттік, коммуникативтік, саралаушылық, құндылықты-бағдарлық, түзету-дамытушылық тәсілдері негізінде жүзеге асырылады.

6. Оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімсізденуін жеңуді немесе азайтуды көздейді, сондай ақ әлеуметтік өмірге қатысуына қажетті мінез-құлық нормаларының, өмірлік дағдыларының қалыптасуына ықпал жасайды.

7. Іс-әрекеттік қағидасы оқу процесі барысында заттық, практикалық, ойындық іс-әрекеттерін кең түрде қолдануды, сезімдік тәжірибесін дамытуды және молайтуды қарастырады; алгоритмдік ұсынымдарды қолдана отырып оқытудың кезеңдік сипатын қамтамыз етеді, ал бұлар өз кезегінде жоғарғы психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін (қабылдауын, сөйлеуін, ойлау қабілетін) дамытып, білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толтыруға, пән бойынша білімдерді, біліктіліктерді және дағдыларды меңгеруге көмектеседі.

8. Коммуникативтік тәсіл – жұппен, топта тілдік қарым-қатынас барысында ақпарат алмасу, білім, біліктілік және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқытудың нәтижесі болып табылады.

9. Жеке және саралап оқыту тәсілі білім алушылардың ерекше білімдік қажеттіліктерінің ескерілуін болжайды, және соған орай оларды келесі топтарға бөледі:

1) толық көрмейтін және қалдық көруі бар (жартылай көретіндер), жақсы көретін көзін көзілдірікпен түзеткен жағдайда көру өткірлігі 0 бастап 0,04 дейін білім алушылар – сабақ кезінде оқу материалын тактильдік-есту тәсілі бойынша қабылдайды, Брайль жүйесі бойынша рельефтік-нүктелік қаріппен оқып, жазады, бұл топтың сауат ашу процесі сезу және есту арқылы жүзеге асырылады;

2) жақсы көретін көзін әйнекпен түзеткенде көру өткірлігі 0,05 бастап 0,09 дейінгі нашар көретін білім алушылар – регламенттенген және жеңілдетілген көру жүктемесінің сақталуын, бұзылған көру қабілетін қорғау және рационалды пайдалану бойынша іс-шараларын, ірі қаріптегі арнайы оқулықтарды, техникалық және оптикалық құралдар жүйесін (ортоскопиялық приборлар, жолақты лупалар) қажет етеді;

3) көзін оптикалық әйнекпен түзеткенде көру өткірлігі 0,1 бастап 0,2 дейінгі нашар көретін білім алушылар – қолайлы жағдайда көру арқылы емін-еркін оқиды, жазады, заттарды, шынайы өмірдің құбылыстары мен

процесін қабылдайды, еркін кеңістікте көру арқылы бағдарлай алады, оқыту барысында арнайы көрнекіліктерді, оқытудың қосымша техникалық құралдарын қолданады, белгілі гигиеналық талаптарды орындайды.

10. Мәтіндердің мазмұны білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттерін, қазақстандық патриотизмін қалыптастыруға, төзімділігі мен құндылықты-бағдарлық тәсіл қағидасы негізінде қатынас жасау қабілетін дамытуға бағытталады.

11. Түзету-дамыту бағыты кешенді сипатта болып, қалдық көру, есту, сезіну сияқты полисенсорлық қабылдаулары негізінде танымдық әрекеттерін дамытуға бағытталады.

12. Қалыпты жағдайда адамның көру арқылы қабылдауы жетекші болып табылады, сондықтан оқу және жазу процесін келесідей іс-әрекеттер реттілігімен көрсетуге болады:

- 1) әріпті көріп қабылдау;
- 2) әріпті тану;
- 3) әріпті тиісті дыбыспен сәйкестеу;
- 4) әріптерді келтіру (жазу).

13. Көру қабілеті терең зақымдалған жағдайындағы оқу және жазу процесі кезінде, компенсациялық механизмнің әсерінің арқасында көру арқылы қабылдауы сезіну арқылы қабылдаумен аламастырылады, ал бұл дегеніміз жазылымдық ақпаратты қабылдау процесін қамтамасыз ететін, көру-есту-моторлық триадасының өзгеруіне әкеліп соғады: көру компоненті тактильдікке алмастырылады. Соқырлық жағдайындағы оқу және жазу процесі - есту мен тактильдік анализаторлары арасында жаңа байланыстар орнатылуы арқылы жүреді.

14. Көрмейтін немесе көруі бұзылған кездегі оқу және жазу процесінің техникалық жағын келесі әрекеттермен көрсетуге болады:

- 1) рельефті -нүктелік қаріппен ұсынылған әріпті тактильді қабылдау;
- 2) әріптерді тактильдік түрде ажырату және тану;
- 3) рельефті әріпті тиісті дыбыспен сәйкестеу;
- 4) әріпті рельефті-нүктелік қаріппен жазу.

15. Көрмейтін білім алушылардың оқу және жазу дағдыларын меңгеру қиындықтарының себептері:

1) көру арқылы қабылдаудың симутандық сипатына (бірсәттілік) карағанда, сезіп қабылдаудың сукцессивтік сипаты (уақыт ішіндегі тізбектігі);

2) бір-бірінен аз ғана айырмашылығы бар, рельефті -нүктелік жазудың ұқсас және айналық әріптерінің дифференциациясы;

3) жазу процесінің моторлық операциясының жүзеге асырылуы – көрмейтін баланың жазу процесі тек кинетикалық бақылау арқылы жүреді, ал қалыпты көретіндерде бұл процесс екі есе бақылаумен жүреді – кинетикалық және көру;

4) көрмейтін баланың әрбір сөздің немесе жолдың басын фиксация жасау қажеттілігі.

5) оқуға қарасты жазудың айналылығы, бұл көптеген инверсиялар мен жылжытуларды болдырады.

16. Көрмейтін білім алушылардың оқу және жазу процесінің ерекшелігі оқу және жазу барысында қиындықтар тудырады және көру қабілетінің терең бұзылымдары бар балалардың саутын ашу барысында арнайы әдістемелік тәсілдердің қолданылуын талап етеді: дайындық кезеңінің болуы, алтынүктелік қалыпта алдын-ала жұмыс жасау, кіші кеңістікте бағдарлау, Брайль аспабында бағдарлау, грифельмен бұрыштық нүктелерді табу жаттығулары, оларды дұрыс оқу, нүктелерді орналастырудың тактильді-қимылдық бейнесін игеру.

17. Сауат ашу өзара байланысты кезеңдерден тұрады: пропедевтикалық, әліппеге дейінгі, әліппе, әліппеден кейінгі.

18. Пропедевтикалық (дайындық) кезеңінде келесі жұмыстар атқарылады:

- 1) сезу арқылы қабылдауын дамыту;
- 2) есту арқылы қабылдауын дамыту;
- 3) қалдық көруін қорғау және дамыту;
- 4) кіші кеңістікте бағдарлауын дамыту;
- 5) қолын рельефті-нүктелік қаріппен жазуға және оқуға дайындау;
- 6) көру қабілетінің бұзылымдары бар білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту.

19. Сезу арқылы қабылдау дағдыларын қалыптастыру:

1) үстел үстінде затты екі қолымен зерделеу (оң қолының жетекші рөлі барысында);

2) затты жүйелі және белсенді түрде тексеру (жоғарыдан төмен қарай);

3) сезу арқылы қабылдаудың барлық тәсілдерін қолдану: саусақтық, алақандық, білектік;

4) заттарды фактурасы (тегістігі, кедірлігі) және температуралық сипаты бойынша ажырата білу;

5) заттың жасалған материалын ажырата білу.

20. Есту арқылы қабылдау дағдыларын қалыптастыру:

1) айналадағы болмыстың дыбыстарын анықтау;

2) айналадағы болмыстың дыбыстарын ажырата білу;

3) дыбысты дыбыс көзімен сәйкестеу;

4) дыбысты оқшаулау (бағыты, дыбыскөзіне дейін қашықтығы, дыбыс күші бойынша).

21. Қалдық көруін қорғау және дамыту:

1) заттарды түсі, формасы, көлемі бойынша ажырату және тану – табиғи, муляждар, ойыншықтар – және түрлі-түсті рельефтік суреттерде, аппликацияларда, ірі, анық, майда детальдармен жүктелмеген иллюстрацияларда бейнеленген заттар;

2) көрсетілген заттар мен заттар бейнелерін түсі, формасы, көлемі бойынша сәйкестеу;

3) өзіндік іс-әрекетінде сенсорлық эталондармен (түс, форма, көлем) әрекет жасау.

22. Кіші кеңістікте бағдарлауын дамыту барысында білім алушыларда қалыптасатын дағдылар:

- 1) үстелдің үстінде бағдарлау;
- 2) парақ бетінде бағдарлау;
- 3) кітап ішінде бағдарлау;
- 4) алты нүктелік қалыпта бағдарлау және онымен жұмыс жасау;
- 5) брайльдік аспапта бағдарлау және онымен жұмыс жасау.

23. Қолын рельефті-нүктелік қаріппен жазуға және оқуға дайындау барысында мұғалім төмендегілерге:

- 1) қол саусақтарының терілік сезімталдығын дамытуға;
- 2) рельефтік нүктелерді түсіну және ажырату білігіне;
- 3) қолдарының ұсақ моторикасын дамытуға;
- 4) грифельмен жұмыс жасау білігіне назар аударады.

24. Көру қабілетінің бұзылымдары бар білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту барысында келесідей біліктері қалыптасады:

1) әңгімеге қатысу (өмірлік әсерлері бойынша, әңгіме немесе ертегі мазмұны бойынша);

- 2) тыңдалғанды сұрақтар бойынша мазмұндау;
- 3) заттарды белгілері бойынша сәйкестеу;
- 4) заттарды топтастыру (артық затты алып тастау);
- 5) заттарды түрлері бойынша жіктеу;
- 6) заттарды атаулары бойынша топтастыру;
- 7) заттардың қимылы мен белгілерін сипаттайтын сөздерді табу;
- 8) рельефтік суреттерді оқу;
- 9) сөздер мен бейнелерді сәйкестеу;
- 10) сөздік қорын толықтыру.

25. Әліппеге дейінгі, әліппе (негізгі), әліппеден кейінгі кезеңдерде тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстар атқарылады.

26. Тыңдалым және айтылым бойынша тапсырмалардың реттілігі мен мысалдары:

- 1) артикуляциялық жаттығулар;
- 2) сөздердің дыбыстық сараптамасы;
- 3) сөйлеу тілін қабылдау, сөз ағынынан тілдік бірліктерді бөлу (сөйлем, сөз, буын, дыбыс);
- 4) тыңдалған мәтіннен қойылған мақсатқа сәйкес ақпаратты анықтау;
- 5) диалог құру, сұхбаттастың көзқарасын қабылдау;
- 6) тыңдалған мәтін негізінде сұрақтар қою және жауаптар құру;
- 7) таныс тақырыптарға пайымдамалар құрастыру;
- 8) рельефтік суреттермен танысу, сурет бойынша, жекелік әсерлер бойынша және тыңдалғанға ұқсас әңгімелер құрастыру;
- 9) сөзбен айту бойынша сурет салу/суреттеу;
- 10) таныс оқиғаларды, ертегілерді айтып беру; тақпақтарды жатқа айту;
- 11) сұхбаттасқа, тыңдаушыға ақпаратты жеткізу.

27. Оқылым және жазылым дағдыларын қалыптастыру бойынша тапсырмалардың реттілігі мен мысалдары:

- 1) алты нүктелік қалыпта бағдарлау, алты нүктелік қалыпта нүктелер

комбинацисын келтіру;

2) Грифелмен, Брайль аспабымен, брайльдің рельефтік-нүктелік қарпімен басылған оқулықпен танысу;

3) Брайль аспабында, жолдар мен торлар орналасуында бағдарлау, грифелмен 1, 3, 4, 6 (бұрыштық) нүктелерін табу;

4) 1, 3, 4, 6 (бұрыштық) нүктелерін жазу, оларды дұрыс оқу;

5) белгілі реттілікпен нүктелерді нөмірлеудің тактильдік-қимылдық бейнесін игеру: бастапқыда 1, 3, 4, 6 (бұрыштық нүктелер), содан кейін 2 және 5 нүктелерінің орналасуын;

6) әріптердің тактильдік-қимылдық бейнесін, олардың буындарда, тіркестерде қосылу түрлерін игеру;

7) сөздердің дыбыстық-әріптік сараптамасы және кейінгі жазылуымен сөйлемдердің сараптамасы;

8) ақпаратты рельефтік суреттер және сызбалар формасында ұсыну;

9) баспалық үлгіден сөздерді, сөйлемдерді, мәтіндерді көшіріп жазу;

10) тірек сөздер бойынша мәтін құрастыру;

11) есте сақтау бойынша жазу;

12) бүлінген сөйлемді, мәтінді қайта құрастыру;

13) рельефтік суретке, картиналар топтамасына бірнеше сөйлем құрастыру (қалдық көрумен).

28. Көру еңбегін рационалды ұйымдастыру бойынша, қалдық көру барысындағы көру жүктемесінің режимі көп аспектілі болады. Ол мыналарды болжайды:

1) көздердің жұмысы мен демалуының кезектесуі;

2) көру функциясының жағдайына сәйкес үздіксіз көру жүктемесін орынды шектеу, әсіресе патологиялық бұзылым барысында;

3) сыртқы әлемнің нысандарын көру және бақылау, жазу, еңбек операцияларын жүргізу үшін көруіне жайлы жағдайлар жасау;

4) қабылдау нысандарын өлшемі, түсі, формаларының күрделілігі, саны, фонының сипаты бойынша таңдау.

29. Бағдарламалық материалды толыққанды жүзеге асыру үшін кабинеттің төмендегідей жабдықталу нормалары қабылданған:

1) жиынтықпен интерактивтік және проекциялық жабдықтар: проектор, интерактивті тақта немесе экран;

2) электрондық басылымдар, DVD –дегі видеофильмдер, электронды плакаттар;

3) жиынтықпен компьютер: жүйелік блок, монитор, микрофондық-телефондық гарнитура, акустикалық жүйе, Web-камера (Веб), желілік фильтр, көпфункционалды құрылғы;

4) керегелік аудиторлық тақта.

30. Тілдік оқыту барысында техникалық құрылғылар (аппаратуралар) мен дидактикалық құралдар (ақпарат тасушылар) белсенді түрде қолданылады, соның ішінде:

1) оптикалық түзеу құралдары: лупалар (қолдық, стационарлық және тіректік); көзәйнектер (микроскопиялық, гиперокулярлық және

телескопиялық); биноклярлар мен монокулярлар; проекциялық ұлғайтқыш аппараттары (эпипроекторлар және диапроекторлар);

2) көру аумағының кемістігі бар тұлғалар үшін (гемианопсия, құбырлы көру) көру аумағын қажетті шектеуде өзгертетін арнайы оптикалық жүйелер; егер көру сапасының нашарлауы ұлғайған жарық жағдайында болса, жабуы бар түссіз әйнектен немесе түрлі-түсті әйнектен жасалған жарықтан қорғайтын түзеу линзалары;

3) компьютерлік тифлокешен: дербес компьютер, брайльдік дисплей, брайльдік принтер index Everest– D (индекс Эверист- D), сканерлеуге және оқуға арналған «Кітапқұмар» бағдарламасы, экранды ұлғайтатын бағдарлама;

4) электрондық ұлғайтқыш құрылғысы «Кітап», «VideoLightVGA» (ВидеоЛайтВиДжиЭй);

5) нашар көретіндерге арналған портативтік ұлғайтқыш құрылғы.

3 - тарау. «Сауат ашу» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

31. «Сауат ашу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 0 - сыныпта - аптасына 5 сағатты, оқу жылында 160 сағатты;

2) 1 - сыныпта - аптасына 5 сағатты, оқу жылында 165 сағатты құрайды.

32. Бағдарлама мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі;

2) «Оқылым» бөлімі;

3) «Жазылым» бөлімі.

33. «Тыңдалым және айтылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сөйлеу тілінің негізгі бірліктерін түсіну (мәтін, сөйлем, сөз);

2) тыңдалған материалдың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау;

3) тыңдалған материалды қайталап айту;

4) оқиғаларды болжау;

5) тілдік нормаларды сақтай отырып тілдесудің түрлі жағдайларына қатысу;

6) тыңдаушының назарын аудару;

7) бағалау пікірін айту;

8) берілген тақырыпта әңгіме құрастыру;

9) сөздің дыбыстық формасында бағдарлау.

34. «Оқылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сезу, есту және қалдық көру қабілеті мен бағдарлауын дамыту;

2) сөйлеу тілін дамыту;

3) оқылған материалдың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау;

4) мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау;

5) мәтіндегі лексикалық және синтаксикалық бірліктер рөлін түсіну;

6) сұрақтар мен жауаптарды тұжырымдау;

7) мәтіннің түрін, жанрын және стилін анықтау;

8) түрлі дереккөздерден қажетті ақпарат алу;

9) мәтіндердің салыстырмалы сараптамасы;

10) сөздің графикалық формасында бағдарлау.

35. «Жазылым» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) кіші кеңістікте бағдарлауын дамыту;
- 2) мәтін жоспарын құру;
- 3) тыңдалған/оқылған материалдың мазмұнын баяндау;
- 4) ұғымның түрлі формаларын пайдалана отырып мәтін құру;
- 5) түрлі жанрдағы шығармашылық мәтіндерді жазу;
- 6) жұмыстағы қателерді табу және түзету;
- 7) графикалық нормаларды сақтау;
- 8) орфографикалық нормаларды сақтау;
- 9) грамматикалық нормаларды сақтау;
- 10) пунктуациялық нормаларды сақтау.

36. 0 - сыныпқа арналған «Сауат ашу» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Тыңдалым және айтылым»: әлемнің біртұтас картинасының құрамы ретіндегі тіл туралы алғашқы ұғымдар; сөйлеу тілінің негізгі бірліктері (мәтін, сөйлем, сөз). Естілген сөйлеу тілінің, есту жадының және сөйлеу тілі аппаратының дыбыстық жағы. Сөйлемдер мен кішігірім мәтіндердің интонациялық бояуы; диалогтық формадағы оқиғаларды ойнау; тыңдалған мәтінді сұрақтар бойынша қайта айту. Заттарды түрлері бойынша топтастыру; заттарды атаулары бойынша топтастыру; заттарды белгілері бойынша анықтау. Тілдесудегі вербалсыз құралдардың рөлі (интонация, кейіп, ым, мимика). Орфоэпия және сөйлемді дұрыс интонациялау нормаларын меңгеру; оқу және тұрмыс қатынасында тілдік этикет нормаларын практикалық меңгеру (өтінішін, ризашылығын білдіру, құттықтау). Фонематикалық есту қабілетін дамыту мен дикциясын қою бойынша артикуляциялық жаттығулар (жаңылтпаштар). Вербализмді жеңу. Қоршаған болмыстың дыбыстарын түсіну және қабылдау; дыбысты дыбыс көзімен сәйкестеу; дыбысты оқшаулау (бағыты, дыбыс көзіне дейінгі қашықтығы, дыбыс күші бойынша). Артикуляциялық жаттығулар;

2) «Оқылым»: жұмыс үстелінің үстінде бағдарлау; алты нүктелік қалыпта бағдарлау; сөздік ойындар (анаграммалар, палиндромдар (айналмалар: қытық, қылық), сөздің ішінен сөз табу); мәтіннің басы немесе тақырыбы бойынша оқиғаның дамуын болжау; сөздегі буындардың, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау; буын - сөйлеудің минималды бірлігі ретінде. Рельефтік суреттермен жұмыс жасау біліктерін қалыптастыру. Табиғи заттармен заттық-практикалық іс-әрекет: тұлыптар, муляждар, барельефтер, ойыншықтар, аппликациялар. Сөздер мен буындардың дыбыстық құрылымы; дыбыстарды дауыстылар мен дауыссыздарға топтастыру (артикуляциялық, акустикалық, функционалдық аспектер); дауыссыздарды қаттылығы/жұмсақтығы және ұяңдығы/қатаңдығы бойынша топтастыру; сөздерді буындараға бөлу; екпінді және екпінсіз буындар; дауысты және дауыссыз дыбыстардың күшті және әлсіз позициялары. Түрлі жанрдағы шығармаларды ерекшеліктері негізінде салыстыру; шығарманың негізгі кейіпкерлерінің мінездемесі;

3) «Жазылым»: заттарды алгоритм бойынша жоғарыдан төмен қарай

тактильді тексеру, сұлбасы бойынша жиектеу. Грифелмен, Брайль аспабымен, брайльдің рельефтік-нүктелік қарпімен басылған оқулықпен танысу; жазылымға дайындалу (дұрыс отыру, жарық, дәптерді орналастыру және жазу барысында қарындашты/қаламды, грифельді ұстау біліктілігі); дәптермен, парақпен танысу, графикалық жаттығуларды орындау; дәптердің жұмыс жолдарында бағдарлау, дәптер парағы жолдардың бос аралығын түсіну (жұмыс жолының жоғарғы және төменгі линиялары, түзу тік линиялар); сурет салу, штрихтеу, жиектеу; жазуға арналаған брайльдік аспапта бағдарлау (жолдар, торлар саны); заттарды трафаретпен жиектеу, бояу. Алты нүктелік қалыпта бағдарлау, алты нүктелік қалыпта нүктелер комбинациясын жазу; Брайль аспабында, жолдар мен торлар орналасуында бағдарлау, грифельмен 1, 3, 4, 6 (бұрыштық) нүктелерін табу; 1, 3, 4, 6 (бұрыштық) нүктелерін жазу, оларды дұрыс оқу; белгілі реттілікпен нүктелерді нөмірлеудің тактильдік-қимылдық бейнесін игеру: бастапқыда 1, 3, 4, 6 (бұрыштық нүктелер), содан кейін 2 және 5 нүктелерінің орналасуы; әріптердің тактильдік-қимылдық бейнесін, олардың буындарда, тіркестерде қосылу түрлерін игеру. Саусақ ойындарын, гимнастикасын жүргізу; алты нүктелік қалыптағы нүктелердің дұрыс орналасуы; алты нүктелік қалыпта және жазу аспабында қажетті нүктелер комбинациясын келтіру.

37. 1 - сыныпқа арналған «Сауат ашу» пәнінің базалық мазмұны:

1) «Тыңдалым және айтылым»: сөзбен, оның мағынасымен, түрлі коммуникативтік-тілдік жағдайлардағы оның номинативтік функцияларының түсінігімен, формаларымен (фонетикалық, графикалық) танысу. Сөйлем туралы бастапқы түсініктер; фонематикалық есту қабілетін және түрлі дыбыстық және буындық құрылымы бар сөздердегі дыбыстар реттілігін анықтау қабілетін дамыту; үлгі-сызбаларды қолдана отырып сөздердің дыбыстық сараптамасын жүзеге асыру, сөзді буындарға бөлу, сөздегі екпінді буынды табу, екпін белгісіне және екпінді дауысты дыбыстың әрпіне бағдарлай отырып, дыбыстық сараптама ізімен сөзді «оқу»; дауыстылар және дауыссыздар жайлы бастапқы ұғымдарды қалыптастыру (қатты және жұмсақ дыбыстар), алғашқы бес дауысты дыбыстарды (а, о, и, у, ы) және оларды білдіретін әріптерді зерделеу. Қоршаған болмыстың дыбыстарын ажырата білуге үйрену; дыбысты затпен сәйкестеу; дыбысты оқшаулау (күші, бағыты, алыстығы, жақындығы бойынша). Сөздердің, әсіресе дыбыстық-буындық құрылымы бойынша күрделілердің, айтылымын жетілдіру. Балардың тілдік дамуының ауытқуларынан болатын кейбір дыбыстардың кемшіліктерін түзеу. Сөздікті айқындау, байыту және белсендету. Сөзді дұрыс лексикалық және грамматикалық формада қолдану білігіне дағдыландыру, әдебиетсіз сөздермен сөйлеу тілін ластаумен және тіл вербализмімен күрес. Мұғалімнің сұрағына беретін жауапты, оның дұрыс тұжырымдалуын ойластыру, жауабына түрлі типтегі сөйлемдерді қолдану. Таныс ертегіні немесе қысқа әңгімені айтып беру, сурет немесе суреттер топтамасы бойынша мәтін құру, өз өміріндегі қарапайым жағдайлар жайлы айтып беру. Өлеңдерді, тақпақтарды, әндерді, санамақтарды жатқа айту;

2) «Оқылым»: дыбыс пен әріпті ажырата білу. Әріп - дыбыстың белгісі ретінде. Дыбыстарды әріптермен белгілеудің позициялық тәсілін меңгеру. Алғашқы дауыссыз дыбыстар мен олардың әріптік белгілерін; олардан кейінгі дауысты дыбыстар мен олардың әріптік белгілерін Брайль жүйесі бойынша зерделеу; екі дыбысты білдіретін дауысты дыбыстармен танысу; дыбысты білдірмейтін әріптермен танысу. Микрокеңістікте бағдарлау тәсілдерін және әдістерін меңгеру: жұмыс орнында, оқулықта, дәптерде, аспапта (керекті парақты, жолды, әріпті, аспап торын тез таба білу; партада оқу құралдарын дұрыс орналастыра білу; әріптердің жайылма кассасымен жұмыс жасау, жайылма кассасындағы әріптермен сөздер құрастыру және сөздің рельефтік сызбасын құру). Оқып үйрету, оның механизмін игеру. Түрлі буындық құрылымы бар сөздердің рельефтік сызбалары; зерделенетін әріптерді құрастырушы элементтерге (нүктелерге) ойша бөлшектеу. Әріптерден буындар және сөздер құру. Оқылым түрлері: орфографиялық (жазылуы бойынша оқу) және орфоэпикалық (айтылуы бойынша оқу); буындық кестелермен және қосылған буындармен жұмыс. Бүтін сөздерді оқу, ішінен оқу білігін қалыптастыру; сөздерді, сөйлемдерді, кішігірім мәтіндерді саналы, дұрыс, қарқынды және мәнерлеп оқу процесін дамыту және жетілдіру. Оқылым мен тілдесуді ойнап көрсету жағдайлары негізіндегі тілдік этикет (ризашылықты, сәлемдесуді, қоштасуды білдірудің сөздік формалары). Фонетика, лексика және грамматика элементтерін үйрету. Дауысты әріптер - дауыссыз дыбыстар қаттылығының /жұмсақтығының көрсеткіші ретінде. е, ә, ө, ү сияқты әріптерінің функциясы. Осы әріптері бар сөздерді оқып үйрету. Жұмсақ белгі - алдыңғы дауыссыз дыбыстың жұмсақтық белгісі ретінде. Буындап оқу дағдысын қалыптастыру (дауысты дыбысты белгілейтін әріпке бағдарлану). «Болжамды оқудың» алдын алатын жұмыс жүргізу (мағынасының болжамына жол бермеу үшін сөздің алғашқы әріптерін де, соңғы әріптерін де оқуын талап ету). Мағыналық болжам әріптерді қалдырып оқуға, инверсиялардың пайда болуына әкеліп соғады, яғни оқылғанның мағынасы бұрмаланады. Баланың жекелік қарқынына сай бірқалыпты жылдамдықпен буынды оқу және бүтіндей сөзбен оқу. Оқу жылының аяғына қарай оқу жылдамдығының нормасы: нашар көретіндер үшін минутына 20-25 сөз, көрмейтіндер үшін 15-20 сөз, тактильдік қабылдау дәрежесіне қарай бұл норма азайтылады;

3) «Жазылым»: саусақтардың сезінуі мен ұсақ моторикасын, қолдардың үйлесімі мен дәл қимылын дамыту. Брайль аспабында, дәптер парағының кеңістігінде бағдарлау білігін дамыту. Заттарды түсі, формасы, көлемі бойынша тану және ажырату, оларды түрлі-түсті рельефтік суреттермен сәйкестеу, сенсорлық эталондармен (түс, форма, көлем) өз-бетінше әрекет жасау білігін дамыту; партада (әрбір заттың тұрақты өз орны бар), алғашқы оқу кітабында және оның парақтарында, әріптердің жайылма кассасында (нашар көретін білім алушылар) бағдарлау білігін дамыту. Брайль аспабын орналастыру, аспапты жайлап ашу және жабу, қағазды салу және бекіту, брайльдік грифельді ұстау, жазу және оқу барысында дұрыс дене қалпын ұстану, нүктелермен өрнектерді дұрыс түйреу талаптарын білу, алты нүктелік

калыпты қолдана отырып, әріптерді жазуды меңгеру. Қалдық көруі бар білім алушылар үшін әріптер элементтерінің жазылуы. Көрмейтіндер үшін Брайль аспабында жолдар мен торлардың орналасуын бағдарлау, 1, 3, 4, 6 (бұрыштық) нүктелерді грифельмен табу; нашар көретіндер үшін әріптер элементтерінің көру-қозғалыстық бейнелерін меңгеру; Көрмейтіндер үшін 1, 3, 4, 6 (бұрыштық) нүктелерді Брайль бойынша жазу, оларды дұрыс оқу; нашар көретіндер үшін әріптер элементтерін жазбаша жазу; нүктелер нөмірленуінің белгілі реттіліктегі көру-қозғалыстық бейнелерін меңгеру: алғашқыда 1, 3, 4, 6 (бұрыштық нүктелер), содан кейін 2 және 5 нүктелерінің орналасуы. Құрамын алдын-ала ауызша сараптап алып әріптерді, әріп тіркестерін, буындарды және сөздерді жазу. Әріптік емес графикалық құралдардың функцияларын түсіну: сөздер арасының бос орнын, тасымалдау белгісін, тыныс белгілерін. Белгілі нүктелерден тұратын әрбір әріптің бейнесін (формасын) жазу барысында көрсету, айналық ұқсастығы бар әріптерді жазу. Дұрыс жазу ережелерімен танысу және оларды қолдану. Сөйлем басындағы үлкен әріп, сөйлем соңындағы тыныс белгілері; жалқы есімдердегі үлкен әріп. Әріптердің, буындардың, сөздердің, сөйлемдердің, кішігірім мәтіндердің барлық дауысты және дауыссыз әріптерінің жазылымын игеру. Әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді көшіріп жазу.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

38. Бағдарламада оқытуу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар –бөлімше ретін, төртінші сан - оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді Мысалы, 1.1.2.4 кодталуында: «1» – сынып, «1.2.» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

39. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі:

1 - кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	0 - сынып	1 - сынып
1.1 Сөйлеу тілінің негізгі бірліктерін түсіну (мәтін, сөйлем, сөз)	0.1.1.1 сөйлеу тілінің, мәтіннің, сөйлемнің, сөздің не екенін білу	1.1.1.1 сөйлеу тілінің, мәтіннің, сөйлемнің, сөздің не екенін түсіну
1.2 Тыңдалған материалдың тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.1.2.1 мәтінде кім/не жайлы айтылғанын, және автордың не айтқысы келгенін түсіну	1.1.2.1 мәтінде кім/не жайлы айтылғанын анықтау, және автордың не айтқысы келгенін түсіну

1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	0.1.3.1 оқиғалардың реттілігін сақтай отырып, тыңдалған материалды мазмұндау (мұғалімнің, тірек материалының көмегімен)	1.1.3.1 оқиғалардың реттілігін сақтай отырып, тыңдалған материалды мазмұндау
1.4 Оқиғаларды болжау	0.1.4.1 мәтін мазмұнның тақырыбын бөлу, рельефтік суретті, әңгіме иллюстрацияларын таңдау (қалдық көруі бар білім алушылар үшін)	1.1.4.1 әңгіме мазмұнын тақырыбы/ иллюстрациясы/ рельефтік суретті бойынша болжау
1.5 Тілдік нормаларды сақтай отырып әр түрлі қатынас жағдаяттарына қатысу	0.1.5.1 тілдік этикет қандай жағдайларда және не үшін қолданылатынын білу	1.1.5.1 тілдік этикетті түрлі жағдайларда, рөлдік ойындарда қолдану
1.6 Тыңдаушының назарын аудару	0.1.6.1 сөйлеу тілінде суреттеме-сөздер/ салыстырмалар (үлкен-кіші, көп, аз), тілдесудің вербалсыз құралдары (ым, мимика) қолданылаты жайлы білу; 0.1.6.2 айтылымның мазмұнын беру үшін интонацияны сақтау (мұғалімнің көмегімен)	1.1.6.1 сөйлеу тілінде суреттеме - сөздерді/салыстырмаларды, тілдесудің вербалсыз құралдарын (ым, мимика) қолдану; 1.1.6.2 айтылымның мазмұнын беру үшін интонацияны сақтау
1.7 Бағалау пікірін білдіру	0.1.7.1 тыңдалғаны туралы өз пікірін айту	1.1.7.1 тыңдалғаны туралы өз пікірін айту, оны жай сөйлемдермен негіздеу
1.8 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыру	0.1.8.1 рельефтік сурет, сюжеттік иллюстрация, суреттер топтамасы бойынша мұғалімнің көмегімен әңгіме құрастыру(қалдық көруі бар білім алушылар үшін)	1.1.8.1 жоспар бойынша, өз бетінше, рельефтік сурет, сюжеттік иллюстрация, суреттер топтамасы бойынша әңгіме құрастыру (қалдық көруі бар білім алушылар үшін)
1.9 Сөздің дыбыстық формасында бағдарлау	0.1.9.1 дыбыс пен екпіннің мағыналық рөлін білу	1.1.9.1 дыбыс пен екпіннің мағыналық рөлін түсіну; 1.1.9.2 сөздердің буындардан тұратынын түсіну, сөз

		буындарының саны мен ретін анықтау; 1.1.9.3 сөздерді дыбыстарға бөлу және олардың белгілерін ажырату(дауыстылар екпінді/екпінсіз; дауыссыздар қатты/жұмсақ, қатаң/ұяң)
--	--	---

2) «Оқылым» бөлімі:

2 - кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	0 - сынып	1 - сынып
2.1 Сезіну, есту, қалдық көруі арқылы қабылдауды және бағдарлауды дамыту	<p>0.2.1.1 жұмыс үстелінің үстінде затты екі қолымен қалай тексеру керектігін білу (оң қолының басқарушы рөлі барысында); сезіп қабылдаудың барлық тәсілін қолдана отырып, заттарды фактурасы (тегістігі, бұдырлығы), температуралық сипаты бойынша ажырату;</p> <p>0.2.1.2 айналадағы болмыстан дыбыстарды бөлу; айналадағы болмыстың дыбыстарын ажырату;</p> <p>0.2.1.3 түрлі-түсті рельефтік суреттерде, аппликацияларда бейнеленген заттарды тану; көрсетілген заттарды және заттар бейнесін түсі, формасы, көлемі бойынша сәйкестеу;</p> <p>0.2.1.4 өз бетінше жүргізген іс-әректінде сенсорлық эталондармен (түсі, формасы, көлемі) әрекет жасау;</p>	<p>1.2.1.1 жұмыс үстелінің үстінде затты екі қолымен дәйекті және белсенді түрде тексере білу (оң қолының басқарушы рөлі барысында; сезіп қабылдаудың барлық тәсілін қолдану: саусақтық, алақандық, білектік; заттарды фактурасы (тегістігі, бұдырлығы), температуралық сипаты бойынша ажырату; заттың жасалған материалын анықтау;</p> <p>1.2.1.2 айналадағы болмыстан дыбыстарды бөлу; айналадағы болмыстың дыбыстарын ажырату; дыбысты дыбыс көзімен сәйкестеу; дыбысты оқшаулау (дыбыс көзіне дейінгі бағыты, ара қашықтығы, күші бойынша);</p> <p>1.2.1.3 табиғи заттарды, муляждарды, ойыншықтарды түсі, формасы, көлемі бойынша ажырату; түрлі-түсті рельефті суреттерде, аппликацияларда бейнеленген заттарды тану; көрсетілген заттарды және заттар бейнесін түсі, формасы, көлемі бойынша сәйкестеу;</p> <p>1.2.1.4 өз бетінше жүргізген іс-әректінде сенсорлық</p>

	0.2.1.5 жұмыс үстелінің үстінде бағдарлау; парак бетінде бағдарлау; кітапта бағдарлау; әріптер кассасында бағдарлау және онымен жұмыс жасау; брайльдық аспапта бағдарлау	эталондармен (түсі, формасы, көлемі) әрекет жасау; 1.2.1.5 жұмыс үстелінің үстінде бағдарлау; парак бетінде бағдарлау; кітапта бағдарлау; әріптер кассасында бағдарлау және онымен жұмыс жасау; брайльдық аспапта бағдарлау
2.2 Тілді дамыту	0.2.2.1 сұрақтарға қалай жауап беруді білу, әңгімеге қатысу; 0.2.2.3 заттарды сипаты бойынша сәйкестеу; 0.2.2.5 рельефтік суреттерді оқу; сөздер мен бейнелерді сәйкестеу	1.2.2.1 тыңдалғанды сұрақтар бойынша айтып беру; 1.2.2.2 заттарды сипаты бойынша сәйкестеу; 1.2.2.3 заттарды топтастыру (артық затты алып тастау); заттар атауларын жүйелеу; 1.2.2.4 заттардың әрекетін, сипатын білдіретін сөздерді таңдау; 1.2.2.5 рельефтік суреттерді оқу; сөздер мен бейнелерді сәйкестеу; 1.2.2.6 оқылымның негізгі түрлерін қолдану (баяу буындап оқу және бүтіндей сөзбен оқуға ауысу, саналы оқу)
2.3 Оқылған мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	0.2.3.1 мәтіннің тақырыбы бар екенін білу, мәтінде не туралы айтылғанын білу	1.2.3.1 мәтінде кім/не туралы айтылғанын білу, және автордың не жайлы айтқысы келгенін түсіну
2.4 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтау	0.2.4.1 әңгіменің басы, ортасы, аяғы барын білу	1.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің басын, ортасын, аяғын анықтау
2.5 Мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктердің рөлін ұғыну	0.2.5.1 заттар атауларының мағынасын түсіну: мәні бойынша жақын/қарама-қарсы (үлкен-кіші, кіші-кішкентай-кіп-кішкентай); 0.2.5.3 қазақ тілінде көпмағыналы сөздер кездесетінін білу (адамның беті - үстелдің	1.2.5.1 жалпыламасын ескере отырып сөздердің лексикалық мәні мен мағынасын ажырату (затты білдіретін сөздер, заттың белгілерін білдіретін сөздер, заттың әрекетін білдіретін сөздер); 1.2.5.2 сөздердің лексикалық мәні мен мағынасын ажырату: мәні бойынша жақын/қарама-қарсы;

	беті, жәндік ара - ағаш кесетін ара)	1.2.5.3 мәнмәтініне қарай көпмағыналы сөздердің лексикалық мәні мен мағынасын ажырату: жылы су- жылы сөз; тіл – сөйлеу органы, тіл - қазақша/ орысша (мұғалімнің көмегімен)
2.6 Сұрақтарды, жауаптарды құрастыру	0.2.6.1 иллюстрациялар/рельефтік суреттер/ мәтін бойынша қойылған сұрақтарға қалай жауап беруді білу (мұғалімнің көмегімен); 0.2.6.2 оқылғанның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	1.2.6.1 иллюстрациялар/рельефтік суреттер/ мәтін бойынша сұрақтар құрастыру (мұғалімнің көмегімен); 1.2.6.2 оқылғанның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру
2.7 Мәтіндердің түрлерін, жанрын, және стилін анықтау	0.2.7.1 мәтіндер әр-түрлі болатынын білу: ертегі, әңгіме, тақпақ, мәтел	1.2.7.1 мәтінді – хикаяны, жанрды ерекшеліктері бойынша ажырату (ертегі, әңгіме, тақпақ); 1.2.7.2 мұғалімнің көмегімен мәтіннің стилін анықтау (әдеби және әдеби емес)
2.8 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу		1.2.8.1 мәтіндердің алфавиттік орналасу ретін қолдана отырып ақпаратты дереккөзден табуға болатынын білу (сөздіктер, балалар энциклопедиясы)
2.9 Мәтіндердің салыстырмалық талдамасы	0.2.9.1 түрлі жанрдағы мәтіндерді тыңдау: ертегі, әңгіме, тақпақ	1.2.9.1 мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы (ертегі, мақал, тақпақ) және стилдегі (әдеби және әдеби емес) мәтіндерді ажырату
2.10 Сөздің графикалық формасында бағдарлау	0.2.10.1 сөйлеу тілінде дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату	1.2.10.1 әріп бейнесін тану және оны дыбыспен сәйкестеу; 1.2.10.2 сөздің әрібі өзінің позициясына байланысты қандай жұмыс атқаратынын түсіну (дауысты жұмсақтықтың/ дауыссыз қаттылықтың көрсеткіші ретінде); 1.2.10.3 ь, ь белгілері сөзде қандай рөл атқаратынын түсіну

3) «Жазылым» бөлімі:

3 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	0 - сынып	1 - сынып
3.1 Кіші кеңістікте бағдарлауын дамыту	0.3.1.1 рельефтік суреттерді қабылдау және ажырата білу; 0.3.1.2 қолдардың ұсақ моторикасы мен терінің сезімталдығын дамыту жаттығуларын орындау; 0.3.1.3 Брайль аспабы мен грифельдің қолданылуын білу	1.3.1.1 рельефтік нүктелерді қабылдау және ажырата білу; 1.3.1.2 қолдардың ұсақ моторикасы мен терінің сезімталдығын дамыту жаттығуларын орындау; 1.3.1.3 Брайль аспабын, грифельдің, алтынүктелік қалыптың қолданылуын білу және жұмыс жасау
3.2 Мәтіннің жоспарын құру	0.3.2.1 рельефтік суретті оқу (мұғалімнің көмегімен)	1.3.2.1 рельефтік сурет, картина, сызба-жоспар бойынша мәтіннің жоспарын құру (мұғалімнің көмегімен)
3.3 Оқылған/тыңдалған материалдың мазмұнын айту	0.3.3.1 оқылған мәтіннің негізгі мазмұнын сұрақтар бойынша айтып беру	1.3.3.1 мұғалімнің көмегімен оқылған/тыңдалған мәтіндерден алынған ақпаратты рельефтік суреттің, сызбаның, белгілердің көмегімен жазу
3.4 Түрлі ұсынымдар формасын қолдана отырып мәтін құрастыру	0.3.4.1 сөйлемдер сызбаларын, картиналарды, суреттерді қолдана отырып жай сөйлемдер құру (мұғалімнің көмегімен)	1.3.4.1 берілген тақырыпта тірек сөздерді қолданып/ мұғалімнің көмегімен жай сөйлемдер/мәтіндер құру және жазу
